

**Мүрсәлімов Төлеуғазы Каметаевич** – старший преподаватель кафедры казахской филологии НАО «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: [mursalimov.toleugazy@mail.ru](mailto:mursalimov.toleugazy@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

#### **Information about author**

**Toleugazy Mursalimov** – lecturer department of kazakh philology, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: [mursalimov.toleugazy@mail.ru](mailto:mursalimov.toleugazy@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6525-5629>.

*Редакцияға енуі 18.01.2026*

*Өңдеуден кейін түсуі 17.03.2026*

*Жариялауға қабылданды 28.03.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-8](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-8)

FTAMP: 16.21.51

**Ж.А. Манкеева, А.А. Хабиева\***

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

\*ORCID: 0000-0002-8622-021X

\*e-mail: [a.a.khabiyeva@bk.ru](mailto:a.a.khabiyeva@bk.ru)

### **ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ МАЗМҰННЫҢ СИНЕРГИЯЛЫҚ БОЛМЫСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы антропоэзектік және когнитивтік парадигма аясында талданады. Зерттеудің мақсаты – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын мәдени ақпараттың синергиялық ұйымдасуын айқындау, лингвокультуремалардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы танымдық және коммуникативтік қызметін көрсету. Мақаланың өзектілігі қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы жағдайында тілдің мәдени-танымдық қызметін, оның рухани-әлеуметтік дамудағы маңызын айқындаумен байланысты. Сонымен қатар тіл мен мәдениеттің тұтастығын антропоэзектік парадигма негізінде қарастыру қажеттілігі де зерттеудің өзектілігін арттырады. Зерттеу барысында сипаттамалы (дескриптивті), лингвомәдени, когнитивтік, синергетикалық, семантикалық, этимологиялық, контекстуалдық және салыстырмалы-ассоциативтік талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Бұл әдістер тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын, олардың тарихи-мәдени негізін және көркем мәтіндегі қызметін жүйелі түрде ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің теориялық маңызы тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын синергетикалық жүйе ретінде қарастыруға, лингвомәдени бірліктердің концептуалдық табиғатын және ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлін тереңдетуге негізделеді. Жұмыс когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және синергетикалық тіл білімі бағыттарының теориялық ұстанымдарын дамытуға үлес қосады. Зерттеудің практикалық маңызы көркем мәтіндерді, фольклорлық және тарихи-мәдени материалдарды лингвомәдени тұрғыдан талдауда, сондай-ақ тіл оқыту, ұлттық мәдениетті таныту және гуманитарлық білім беру салаларында қолдануға болатындығымен сипатталады.

**Тірек сөздер:** мәдени код, мәдени коннотация, этномәдени бірліктер, дүниетаным, тіл мен мәдениет бірлігі, синергия.

#### **Кіріспе**

Қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық сананың жаңғыруы мен ұлттық тұтастықтың дамуын қамтамасыз ететін, рухани күштің арқауын ұстаудың негізгі құралы тіл құдіреті мен сөз байлығы арқылы сақталған қазақ сөзінің қуатында екені қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық сан салалы әрекеттерінде айқындалуда. Бұл жайт оның негізгі тетігін, яғни ұлттық құндылық ретіндегі тілдің ерекшелігін, сөз өнерінің өзіне тән болмысы мен табиғатын кешенді сипатта ашуды қажет етеді. Бұл бағыт тіл туралы онтологиялық көзқарасты сол тілде сөйлеуші халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тығыз

байланыста, тұтастықта қарау үрдісімен сипатталады. Бұл арада тілдің бүгінгі күнге жеткен мәдени-танымдық таңба ретіндегі қызметі ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдениаралық қатынас қызметі де ескерілетіні маңызды. Бұл тұрғыдан тілдің лексикалық деңгейі жай тілдік деректердің жиынтығы емес, ұлттың мәдени болмысы мен рухын айғақтайтын таусылмас көз ретінде қарастырылады.

Тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын айшықты бейнелеп, іштей тұтастырып ұйымдастыру тілдің жарқын синергетикасынсыз мүмкін еместігін Н. Алефиренко былай түсіндіреді: «Язык имеет ярко выраженную синергетику: культура без знаковых опосредователей не способна к самоорганизации, поэтому это разные семиотические системы: первая обслуживает вторую, хотя вторая наиболее рельефно проявляется только на фоне языкового ландшафта» [1].

Тіл мен мәдениеттің байланысы мәдени коннотация арқылы айшықты көрінеді. Белгілі бір дерекке қатысты тілде «мәдени жадтың» ассоциациялық бейнесінің өткенмен байланыста болуы – сананың тіл арқылы мәдени-ұлттық тәжірибесін әрі қарай дамытуға уәж болатын синергиялық негіз. Сондықтан этнографизмдердің лингвомәдени мазмұнын зерттеген А.Сейілханның: «Тіл тек мәдениетті танытушы құрал емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы – тұтастай бір мәдениеттің өмірге келуінің үлкен себепшісінің бірі» [2], – деген пікірі лингвомәдениеттің синергиялық негізіне жетелейді.

Белгілі мәдениаралық коммуникация мен тіл байланысын зерттеу барысында ғалым С.Тер-Минасова адамды қоршаған әлем көрінісінің үш түрін көрсетеді: *әлемнің шынайы көрінісі, әлемнің мәдени көрінісі және әлемнің тілдік көрінісі.*

Ғалымның түсіндіруінде *әлемнің шынайы көрінісі* – адамзаттан тыс объективті болмыс, яғни бұл – адамзатты қоршап тұрған әлем.

*Ал әлемнің мәдени көрінісі* – адамның сезу мүшелерінің көмегімен алынған және оның санасынан топталып та, жекеленіп те өткен көзқарасының негізінде қалыптасқан ұғымдардың шынайы белгісі.

*Әлемнің тілдік көрінісі* – әлемнің мәдени көрінісі арқылы қалыптасатын болмысты, шындықты көрсетеді [3].

Бұл пікірден тіл иесінің санасында вербалданып, ұлттың өзіндік дүниетанымына сай мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін, сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші тілдің мәдени-коммуникативтік құрал ретіндегі және ол бейнелейтін мәдениеттің туынды, күрделі, көпнұсқалы, динамикалық мәні айқын көрінеді.

Себебі кез келген дәстүрлі мәдениеттің өмір сүруі мен қызметі оның рухын бейнелейтін жаңа формалардың жетіліп тұруын қажет етеді. Ал бұған қатысты ұлттың (этностың) рухани күші оның өз ішінде ұйымдасып, туындайтын формаларында құрылымдалған синергиясында. Осыған сүйеніп қалыптасатын, ары қарай дамитын үдерісіне күш беріп, жүйеге түсуі тіл иесінің (мәдениет иесінің) дүниетанымы және оны қабылдайтын әлеуметтік, когнитивтік тетіктері арқылы жүзеге асады. Соның нәтижесінде таңбаланатын дүние бейнесінің мәдени санасына жеке этностық ұжымның әлеуметтенуі мен бейімделуіне сәйкес өзектелген үзіктері еніп, тұтас жүйе құрады. Ол – этностың дамуы барысында дүние бейнесі өзгергенмен, ұжымдық архетиптік «түп сана» (К. Юнг) сақталып, ұжымның табиғи, әлеуметтік ортаға бейімделуін құрылымдайтын этномәдени тетік.

Тіл арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін танудың қағидасы қазақ тіл білімінде академик Ә. Қайдардың еңбектерінде тұжырымдалған: «Әрбір халықтың тілі – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері, барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасын асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қасиеті бар» [4].

Лингвомәдениеттануды когнитивтік тұрғыдан қарастырған Н. Алефиренко жүйе мен синергетиканың арақатынасына ерекше назар аударады. Ғалымның ойынша, синергетика жүйенің терең құрылымдарын зерделеуге септігін тигізсе, ал жүйенің микродеңгейіндегі кооперативті, когерентті күйдің ықпалы мен қатты денелер физикасында (Г.Хакен), термодинамикалық жағдайларда (И. Пригожин) тепе-тең емес, диссипаттық құрылымдардың синергетикасы туындайды. Қалыптан тыс күйде туындаған мұндай жүйелерді жаратылыстанушы ғалымдардың өздері іштей реттелуге, ұйымдастырылуға бейім деп санаған.

Н. Алефиренко лингвомәдениеттегі әртүрлі құндылықтық-мазмұнды құбылыстардың қарым-қатынасындағы синергетикалық үдерістерін айқындауда жоғарыда көрсетілген синергетик-ғалымдардың қағидаларына сүйенеді: тілдің, дискурстың, мәдениеттің қалыптан тыс дамуын бейнелейтін ішкі жүйесі; лингвомәдениеттің іштей ұйымдасқан жүйесін бейнелейтін бифуркация үдерісі; бифуркация аяқталғаннан кейін лингвомәдениеттің бұрыннан бар, бірақ тұрақты тәртіпке түспеген түрлерінің диссипаттық сипатта қайта құрылымдалуы т.б.

Осылайша бифуркация құбылысының энтропиялық үрдісті (мәннің хаостық күйі) еңсеру нәтижесі жана, тұтас, мәдени-таңбалы белгінің ұйымдастырылуына әкеледі [1].

Этностық ұжымның өмір сүру мәдениетін қамтамасыз ететін әрекетінің тілде бейнеленуі лингвомәдениеттану саласының негізгі қағидасы тіл мен мәдениет байланысында зерттеледі. Тіл мен мәдениет сабақтастығын таңбалаған сөздердің (лингвокультуремалардың) синергиясының мәні – тіл арқылы көрініс табатын тіл иесінің бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі, мәдениеті.

Осымен байланысты зерттеудің мақсаты – тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын мәдени ақпараттың синергиялық ұйымдасуын айқындау, лингвокультуремалардың ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы танымдық және коммуникативтік қызметін көрсету. Мақалада ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы антропоэзектік және когнитивтік парадигма аясында талданады.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде қазақ тіліндегі лингвомәдени мазмұнды айқындайтын әртүрлі сипаттағы тілдік және мәтіндік материалдар кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеу материалына қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері, жыраулар поэзиясы, тарихи жырлар, сондай-ақ көркем әдебиет мәтіндері негіз болды. Бұл дереккөздер тілдегі ұлттық-мәдени ақпараттың сақталуы мен берілу тетіктерін, олардың синергиялық табиғатын айқындауға септігін тигізеді.

Зерттеудің негізгі материалдарының бірі – ақын-жыраулар шығармалары. Олардың қатарында Махамбет Өтемісұлы поэзиясы, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар тіліндегі мәтіндер алынды. Аталған мәтіндердегі лингвомәдени бірліктер (қару-жарақ атаулары, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер атаулары, символдық тіркестер) ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі ретінде талданды.

Сонымен қатар зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесінің мәтіні пайдаланылды. Бұл шығармадағы этнографиялық атаулар, тұрмыс-салтқа қатысты лексика, прецеденттік топонимдер мен мәдени реалийлер лингвомәдени тұрғыдан сарапталды.

Лексикалық бірліктердің семантикалық және этимологиялық ерекшеліктерін айқындау мақсатында түсіндірме және этимологиялық сөздіктердің материалдары да қолданылды. Атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мен тарихи-этимологиялық зерттеулердегі деректер негізге алынды. Сондай-ақ зерттеу барысында Рәбиға Сыздық еңбектеріндегі тарихи-семантикалық талдаулар, Әбдуәли Қайдар, Николай Алефиренко еңбектеріндегі лингвомәдени және синергетикалық тұжырымдар теориялық-әдіснамалық дереккөз ретінде пайдаланылды.

Жинақталған тілдік материалдар ұлттық мәдениетке тән лингвокультуремалардың мағыналық, құрылымдық және қызметтік ерекшеліктерін ашуға бағытталып, олардың көркем мәтіндегі қолданысымен сабақтастықта қарастырылды.

Зерттеу барысында қойылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін тіл мен мәдениеттің өзара байланысын кешенді қарастыруға мүмкіндік беретін бірқатар ғылыми

әдістер қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық негізін антропоэзектік бағыт, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану қағидалары құрайды.

Ең алдымен, сипаттамалы (дескриптивті) әдіс негізінде тіл мен мәдениеттің сабақтастығы, тілдің ұлттық-танымдық қызметі мен лингвомәдени бірліктердің табиғаты жүйелі түрде сипатталды. Бұл әдіс зерттеу нысанына қатысты теориялық тұжырымдарды саралап, тілдің рухани-мәдени мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеуде жетекші әдістердің бірі ретінде лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Аталған әдіс арқылы тілдік бірліктердің (сөздер, тұрақты тіркестер, символдық атаулар) бойындағы мәдени ақпарат, ұлттық дүниетаныммен байланысты коннотациялық мағыналар айқындалды. Лингвокультуремалардың семантикалық құрылымы олардың этномәдени мазмұнымен сабақтастықта қарастырылды.

Когнитивтік талдау әдісі тілдік деректердің адам санасындағы концептуалдану ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Бұл ретте ғаламның тілдік бейнесін қалыптастырудағы тілдің қызметі, мәдени ақпараттың санада жинақталуы мен тілдік таңбалар арқылы кодталу үдерістері зерделенді.

Сонымен қатар зерттеуде синергетикалық әдіс кеңінен пайдаланылды. Бұл әдіс негізінде тіл мен мәдениет өзара әрекеттесетін, өзін-өзі ұйымдастыратын күрделі жүйе ретінде қарастырылып, лингвомәдени құбылыстардың динамикалық сипаты, олардың даму, өзгеру және қайта құрылу үдерістері (бифуркация, диссипация) талданды.

Контекстуалдық талдау әдісі көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін нақты мәтін аясында ашуға мүмкіндік берді. Ақын-жыраулар поэзиясы мен көркем шығармалардағы сөз қолданыстардың мағыналық, экспрессивтік және прагматикалық жүктемесі олардың тарихи-мәдени контекстімен бірлікте қарастырылды.

Семантикалық және этимологиялық талдау әдістері сөздердің мағыналық құрылымын, тарихи даму жолын және бастапқы уәжін анықтауда қолданылды. Бұл әдістер арқылы тілдік бірліктердің қазіргі қолданыстағы және тарихи мәні салыстырылып, олардың мәдени негізі айқындалды.

Сондай-ақ салыстырмалы және ассоциативтік талдау әдістері арқылы тілдік бірліктердің бейнелілік сипаты, олардың адам санасындағы ассоциациялық байланыстары анықталып, ұлттық дүниетанымдағы ұқсастықтар мен символдық жүйелер сараланды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Тіл мен мәдениеттің байланысы негізінде ғалам туралы қалыптасқан танымы, түсінігі, тәжірибесі мен білімі түрінде концептуалдануы санада ғалам туралы ақпараттардың жинақталуына, санада сол ақпараттардың бейнеленуіне, ол ақпараттардың тілдік таңбалар арқылы кодталуына (олардың сөзбен таңбаланып, есте сақталуына), сөз арқылы таңбаланған ақпараттардың мағыналарын түсіну, түсіндіру арқылы келер ұрпаққа жеткізілуіне мүмкіншілік береді.

Ұлттық болмыстың бейнесі ретіндегі тілдік ақпараттың онтологиялық сипаты, уәждік негізі, уақыт пен кеңістік контексіндегі этнотанымдық табиғатын ашу тілді мәдениеттің дерегі ретінде анықтайды. Осыған сай тілдегі мәдениеттің айқын үлгілері, әсем өрнектері ажарланған ұлттық-мәдени лексиканың (киім-кешек атаулары, зергерлік бұйымдар атаулары, мифологемдер т.б.) бір-бірімен байланысты, тұтас, бүтін этномәдени мазмұны дәстүрлі қазақ мәдениетінде ерекше коммуникативтік қуатқа ие болса, қазіргі қоғамда тіл арқылы рухани-танымдық жаңғыруға қызмет етеді.

Мысалы, академик Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» кітабында (1980, 1984, 2004) «Едіге» жырындағы, лиро-эпостық және батырлар жырындағы, ақын-жыраулар тіліндегі сөзқолданыстардың тарихи-этимологиялық, функционалды-семантикалық, этнотанымдық тұрғыдан танылған мәнінде «сөйлетеді». Мысалы, батырлар жырында жиі кездесетін:

Мінгенде аты *ала*-ды,

Қылшық жүнді қара-ды, – деген жолдардағы *ала* сөзінің мағынасын ғалым қазіргі «шұбар» деген ұғыммен емес, «жылқы» (азбан) сөзімен байланыстырады. Бұл пікіріне *ала* ~

*алаша* ~ *алаша ат* тіркестері мен орыс тіліндегі *лошадь* сөзіне қатысты этимологиялық жорамалды тірек етеді.

Немесе XV-XVI ғасырларда өмір кешкен Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет жыраулар, зерттеушінің пікірінше, *ала балта* тіркесіндегі *ала* сөзін түске қатысты қолданбаған: «...бұл – «ұрыс балтасы» деген мәнде, яғни «өлтіру, қырып-жою» мағынасындағы сөз. Бұдан басқа да *ала* сөзі қатысқан «ұрыс, соғыс, қырып-жою, бүліншілік» деген мәндегі туынды сөздер мен тіркестер тілімізде едәуір: *алапат, аламан, алаш, алау, алаулау, ала сүргін, ала қырғын* т.б.» [5]. Олай болса, автордың «бейберекет, ретсіз, анық емес, тәртіпсіз» деген мәнді беретін *ала топалаң, алай-дүлей, ала сапыран, алас-қапас, ала құйын, ала көлеңке, алағаншық боран, ала таң, елең-алаң* сөздерін бір синергиялық жүйеде көрсетілуін заңды деп санаймыз.

Тарихи жырлар мен көркем мәтіндерде осы тектес сөздердің синергиялық болмысына сай экспрессивтік сипаты бұл қолданыстардың көркемдік және танымдық мәнін коммуникативтік тұрғыдан күшейте түседі.

Мысалы, ақын-жыраулар тілінде мифтік мазмұн негізінде қалыптасқан табиғат құбылысын танытатын ұғымдар мен ономастикалық атаулардың қолданысы қазақ өмірінің ежелден құс, жануар, өсімдік әлемімен тығыз сәйкестікте қалыптасқан халықтың дүниетанымы, наным-сенімін бейнелейтін көріктеу құралдары ретінде айшықталған:

*Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген;  
Құладың құстың құлы еді,  
Тышқан жеп жүнін түледі;  
Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел заріп;  
Арғымаққа міндім деп,  
Артқы топтан адаспа* (Бес ғасыр жырлайды).

Көріп отырғанымыздай, ақын-жыраулар шығармаларында өсімдіктердің, құстардың т.б. ұлттық атаулардың қолданыс ерекшелігі қазақ тұрмысында төл мәдениетіне қатысты жиі қолданылған жыраулар тілінде символдық мәнге ие болуында.

Пернелеп айтып, бейнелеп сөйлеу қазақтың сөз өнерінде, салт-дәстүрінде, жұмбақтарында, шешендік сөздерінде кеңінен қолданылған тәсіл екені белгілі. Бірақ жаугершілік заманға сай халық басындағы қилы-қилы хал-ахуалдар мен хандық билік аясындағы түрлі әлеуметтік-саяси жағдаяттарға куә болып, соның ортасында жүрген жыраулар поэзиясында астарлап айту, тұспалдап сөйлеу сөз мәдениетін жаңа деңгейге көтерді. Көшпенді мәдениеттің өрісіндегі қоршаған табиғаттың флорасы мен фаунасы, ландшафттың ерекшелігін өздерінің таным көкжиегіне сай теңеп, кейіптеуі сөз мазмұнында тұтасқан көркемдік-рухани әлем кеңістігін, жүйесін қалыптастырды. Бұл – айналып келгенде, өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде санайтын көшпенді мәдениеттің негізгі қағидасы.

Мысалы, Шоқан «көшпенділер философы» деп атаған өз заманының сәуегей-ойшылы Асан қайғы ел, әдет-ғұрып, мінез- құлық туралы толғауларында өз ойын жете беру үшін мәдени атауларды бейнелі түрде қолданады. Бұл мақсаттағы Асан қайғының дидактикалық жырларының негізгі көркемдік амалы – ұқсастыру (ассоциация). Ол адамға тән қызметтердің бәрінде де таным үдерісі барысында кездеседі. Себебі адамдардың табиғаттағы әртүрлі құбылыстарды бақылап салыстыруы, оны өз іс-әрекеттерімен, тәжірибесімен салыстыруы, ассоциациялық бейнелер түрінде әртүрлі нәрселердің ұқсас жақтарын табу, солардың негізінде танымын кеңейту осы қасиетке ұқсастыруға негізделеді. Әдетте, кез келген нәрсеге емес, тұрмыста жиі қолданылатын, етене жақын нәрселер, құбылыстар танымдық санада бірігіп, адам санасында құс, өсімдік, мал т.б. атауларымен ассоциациялық параллель жасалады. Мысалы, *ебелек* дегендегі контексте оған нақты бір өсімдіктің атауы ретінде мән беріліп тұрған жоқ. Ол – «жеңіл», «әлсіз» деген мағына беру үшін осы өсімдіктің күнделікті өмір, тұрмыс тәжірибе негізінде айқындалған сипаты пайдаланылған бейнелеуіш сөз. Мұны «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» *ебелек* сөзінің мағыналарының түсіндірілуінен де көруге болады:

бот. Шөл-шөлейтті, құмды, сортаңды жерлерде өсетін шөп;

ауыс. Дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз;  
ауыс. Ұшып-қонған, жеңілтек, ұшқалақ [6].

Ал Махамбет шығармашылығының өзегін құрайтын күрес тақырыбына орай қару-жарак, сауыт-сайман атауларының кеңінен қолданылуы олардың мазмұнындағы халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесін, ұлттың психологиялық, философиялық ойы дәйектелген синергиялық арқаудан желі тартып, өз тындармандарына жақын, түсінікті мақсатта көркемдік қажетіне қарай ұтымды пайдаланылып отырған. Бұл коммуникативтік мақсатқа сай ақынның сөзқолданысындағы мәдени ақпарат мазмұнын метафора, теңеу, эпитет, метонимия, ұлғайту (гипербола) т.с.с. көріктеу құралдары мен амалдары арқылы экспрессивті сипатын күшейтіп, жаугершілік, қайсарлық, өршіл рух бейнесін көркем айшықтайды.

Көркем ойды ажарлап, экспрессивті, прагматикалық ықпалы күшті осындай тіркесімділіктегі сөзжасамдық үрдіске ерекше мән берген А.Байтұрсынов: «Бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде, ол нәрсенің атын айқын көрсеткендей сөз қосып айтамыз. Мәселен, *Атымтай жомарт, Жиренше шешен, Қаздауысты Қазыбек* деу айқындау мақсатпен айтқаннан шыққан... Сондықтан айқындаудың бұл түрі тек айқындау ғана болады... Мұнан басқа көркейту мақсатпен айқындау бар. Мәселен, *қызыл тіл, ақ сұңқар, шалқар көл* дегенде, *қызыл, ақ, шалқар* деген сөздерді көбінесе көркейту үшін айтып жұмсаймыз. Сондықтан айқындаудың бұл түрі *көркейту* деп айтылады» [7], – деп көрсете келе, қызметіне қарай оны *айқындау* және *көркейту* деп ажыратады.

Тіл мен мәдениеттің синергиялық байланысын таңбалайтын лингвокультуремалардың коннотациялық қолданысын ерекше көрсететін көріктеу құралдарының бірі – эпитет. Академик Р.Сыздық анықтап көрсеткендей, *эпитет* – бұл белгілі бір заттың сын-сипатын ғана танытатын құрал емес. Ол көркем мәтін ішінде, әсіресе, поэзия тілінде кеңінен қолдана келе, көркемдеуіш, бейне тудырушы және коммуникативті-прагматикалық қызметтерімен де ерекшеленетін көркем мәтін компоненті болып табылады. *Эпитеттер* поэзия тілінде көркем бейнені сомдай келе, автордың дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген субъективті көзқарасын, идиостилін танытатын көркем сөздің үлгісі болып есептеледі. Осыған орай, *найза, садақ, жай, дулыға, мылтық, қылыш, көбе, кіреуке, сауыт, жебе, сүңгі, қорамсақ, семсер, білтелі* сияқты тағы да басқа жаугершілік лексика, мысалы, Махамбет тілінде, фольклор мен эпостық жырлар тілінде, жыраулар поэзиясында жалаң қолданылмай, әртүрлі құрамды эпитеттермен тіркеседі: *егеулі найза, қозы жауырын оқ, балдағы алтын құрыш болат, қарқыны күшті көк семсер, қоңыраулы найза, орма мылтық, жалаулы найза, шал жебе, толғамалы ақ мылтық, көн садақ, қималы найза, ақ семсер, қанды көбе* т.б. Мысалы:

«Тайманның ұлы Исатай  
Ағайынның басы еді,  
Алтын ердің қасы еді», –

деп келетін өлең жолдарынан *алтын ер* тіркесін ұшыратамыз. *Алтын* сөзі асыл металл мағынасында ұғынылуымен қатар, көптеген халықтар танымында «байлық», «молшылық», «жақсылық», «сән-салтанат», «сұлулық», «құнды» сияқты символдық мәнге ие болуымен айрықша. Ал Махамбет тіліндегі *алтын* сөзі контекске сай өзге мағынада жұмсалса керек. Оның үстеме мағынасы ғалым Г.Сағидолданың мына пікірі негізінде дәйектеледі: *Алтын* сөзін түркі-моңғолдардың саяси құқықтық дәстүріне байланысты болып келетін сөз-символ деп тануымыздың басты себебін алтынмен айшықталған белбеу, алтынмен қапталған ат әбзелдері (жүген, тізгін, ер-тұрман т.б.), алтын жақтаулы есікті орда (шатыр) сияқты заттарының XIII-XIV ғғ. байлықтың белгісі емес, «ең жоғарғы дәрежедегі биліктің белгісі» (көсемдіктің, хандықтың) ретінде танылатын бұйымдар болғандығымен түсіндіреміз. Мұндай алтын бұйымдарды тұтынуға кез келген бай-бекзада емес, тек белгілі бір ұлыстың (елдің) ханы, тайпаның көсемі, ру басы сияқты лауазым иелері ғана құқылы болды» [8], – деп жазады.

Адамзат руханиятында *бәйтерек* ағашы ғаламдық ағаш ретінде мифтік танымды белгілеген. Қазақ танымында да *бәйтерек* – «өмір ағашы», «өмірдің, өмір сүрудің символы» іспеттес танылып, ерекше лингвомәдени бірлік ретінде қастерленген. Ал бәйтеректің

жығылуы немесе бәйтеректің жапырақтарынан айрылып, қу түбір болуы (*Жапанға біткен бәйтерек // Жапырағынан айрылып, // Қу түбір болған күн болған*) – қазақ ырымында жамандық белгісі. Сондықтан да Махамбет ақын Исатайдың қаза болған күнін «буыршынның мұзға таюы», «бураның атанға шөккені», «бәйтеректің жығылуы» іспеттес сұмдық құбылыстармен байланыстырып, «жамандық», «уайым-қайғы», «өкініш», «үрей» семаларымен тұтастырады [9].

Махамбет шығармаларындағы сөз екпініне сай кеңінен орын алған теңеулердің бір түрі – бұл халық ауыз әдебиетінде, жыраулар туындыларында жиі қолданылып, тұрақтанған дәстүрлі поэтикалық теңеулер. Олар ақын поэзиясының ұлттық нақышын, экспрессивті-эмоционалды бояуын, көркемдік қуатын арта түсіретін, төл мәдениетті бейнелейтін дүниелер болып табылады. Мысалы: *Маңыраған қойдай шулайды; Ақ бөкендей ойнайды; Аш күзендей белін бүгілтіп, Күшіктей даусын қыңсытып; Арыстандай ақырған; Жолбарысша жорыттым; Қабыландай қайранға соғып; Үдей соққан дауылдай; Мылтығын қардай боратып; Оқ жаңбырдай жауған күн; Сапырып судай шашқан күн және тағы басқалары.*

Сонымен қатар Махамбеттің қазақ дүниесін бейнелеудегі өзіндік қолтаңбасын танытатын соны теңеу-суреттер де ақын сөзінің синергиялық қуатын дәйектейді. Мысалы: *Қызғыштай болған есіл ер, Еркек қойдай бөлініп, // Қырқарланып өткен ер, Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен, Жау бір өрттей қайнайды, Қайраңнан алған шабақтай // Қия бір соғып ас етсем, Құландай ащы дауыстым!, Қырмызыдай ажарлым!, Теңіздей терең ақылдым!, Бұрала біткен емендей, Мен келелі қара бұлтпын, Шортаны қара бақандай, Бақасы сары атандай, Сонасы қоңыр үйректей* [9].

Сонымен, поэзия тіліндегі лингвокультуремалардың этномәдени мазмұнымен астарланған *көріктеу құралдарының* қолданысы сөзге көбіне тың мағына үстей келе, автордың ойын әсерлете, әрлендіре түсетін құрал болып табылады. «Себепсіз метафоралы тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттық таным білімі байқалады... Тіл – жанды дүние десек, оған қан беретін, нәр беретін осындай танымдық ой – сананың тереңінен шығатын метафоралар» [10], – деген тұжырым Махамбет сынды тілдік тұлғалардың сөзқолданысын антропоэлектік парадигмадаға сай анықтайды. Демек, *метафоризацияланған атаулар* – сөздің тереңіндегі халықтың дүниетанымы мен ұлттық ой ерекшелігін тұтастырған мазмұнымен жалғастықта, тығыз байланыста туындайтын мәдени тілдік бірліктер.

Осы бағыттағы көркем мәтіндерді кешенді талдау мәселесінде ұлт рухы әлеуетінің көрсеткіші ретінде сөздің лингвомәдениеттанымдық құрал ретінде зерттелуі өзектілікке ие болады. Атап айтқанда, архетиптік бейнелер, прецедентті номинация, символдану мен коннотациялық т.б. бірліктердің астарында көркем мәтінде уәжделген синергиясы олардың коммуникативтік сапасын лингвомәдени тұрғыдан тануға және көркем мәтіндегі автордың ұлттық-мәдени-ассоциативті дара да көркем антропологиялық бейнесін анықтайды.

Мысалы, ұлы суреткер М. Әуезовтің қаламынан туған шығармаларында этнографиялық деректер, мәдени антропоэлектік қағидаға сүйенген атаулар көркемдік-идеялық мазмұн мен поэтикалық құрылымның бір компоненті ретінде тұтасуының қазығы қазақ сөзінің синергиясы екенін «Қилы заман» повесінің мәтінін лингвомәдениеттанымдық талдау дәлелдейді. Нақты көрсетсек, басына «қилы заман» тумастан бұрынғы туған жердің әсем суретін беру үшін қазақ тұрмысының асыл ұғымдарын білдіретін *шымылдық пен бесік* атаулары қолданылған: «*Жаз жауынды, мол сулы, қалың шалғынды, қызықты, қалың Албанның ертегіндей бай, сұлу жайлаулары: Үш Мерке, Дөңгелек саз, Үш Қарқара, Сырт, Лабас – жаулау күндерінің жасыл торғын шымылдығы, көкжібек бесігі сияқты*».

Демек, олар (*шымылдық, бесік* т.б.) – М. Әуезовтің терең танып, көркем бейнелеуінде жас ұрпақтың өсіп-өрбуімен, өсіп-өнуімен тығыз байланысты қазақ санасында тұтасқан, концептуалданған қасиетті ұғымдар. Ал *Үш Мерке, Дөңгелек саз, Үш Қарқара, Сырт, Лабас* жайлаулары – қалың Албан елінің ұйып отырған, өсіп-өнетін құт мекенін, шұрайлы жерін бейнелейтін прецеденттік атаулар.

Немесе қазақ тіліндегі дәстүрлі тағам атауларының бірі ретіндегі *қарта* сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Жылқының қатпар-қатпар майлы ішегі» [11], – деп түсіндірілген. Ал қазақтың дәстүрлі тамағын білдіретін бұл атау «Қилы заман» шығармасында қазақ жерінің құйқасын жеп семірген саудагерлердің обыр бейнесін аша түсу үшін қолданылған *қарталану* етістігіне негіз болған. Бұл, біздіңше, М. Әуезовтің тілдік тұлға ретіндегі шығармашылығы мен шеберлігінің жемісі: *Сондықтан дәндеген, жетіскен, түртіншектеп, сауудың бабын білген саудагер бұл кезде қарталанып, толықсып болып, енді «пәлен байбатша, «түген байбатшаның» дәрежесіне жетіп, бұлдану, керігу, кесірленуді де тапқан; Бәрі де жәрмеңке ашылғаннан бері жоталанып, семіріп, қарталанып келе жатқан.*

Ұлттық дүниетаным мен мәдениеті байланысында туындаған этносқа тән ғаламның тілдік бейнесінің ықпалы Махамбет поэзиясының да экспрессивтік өзегін құрайды. Мысалы, Махамбеттің мұңға, күйінішке толы «Мұнар күн» атты өлеңіндегі ақынның Исатайдан айырылып, қайғы тозағына түскен күйі сан алуан күрделі эпитеттер мен метафоралар негізінде айшықты суреттеледі:

*«Мұнар да мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанға шөккен күн...».*

Осы шумақты мәтіндік талдау нәтижесінде мынадай лингвомәдени семантика айқындалады:

Біріншіден, *буыршын* (аруана мен үлектен туған төрт жасар жас бура), жалпы жас түйе мұзға таймайды. Себебі оның қара құсы (тырнағы) өткір, табанының мөрі бұдыршақ келеді. Ал мұзға таймайтын буыршынның мұзға таюы – халық түсінігінде жақсыға баламайтын қиын заман, «сұмдық күн». Екіншіден, ақын *буыршын* (жас бура) бейнесі негізінде «жас ұрпақ қыршынынан қиылып жатыр» деген ойды да білдіргендей [9].

Сол сияқты ақынның *бура атанға шөккен күн* деген келесі жолы да ел басына түскен терең дағдарыс пен тоқырауға ұшыраған сәтіне қатысты жайсыз хабарды меңзеп тұр. Себебі *бура* (қасына жақындағанды шайнап, кез келген нәрсеге шөгіп, аузынан ақ көбігі бұрқырап тұратын) да, *атан* (қос өркештінің жұмысқа пайдаланып, көлік етіп міну үшін қолға үйретілген, кестірілген көнбіс, күші орасан зор, адамға үйірсек, жуас) да – түйенің аталығы. Сондықтан бура қаншама ессіз жануар болса да, заты бір атанға еш уақытта шөкпейді. Ата кәсібі мен күнделікті тұрмысына өзіне етене таныс бұл жайт дүниетанымның дәстүрден тыс балама бейнесін туғызған.

Тілдің қызметі мен дамуының этномәдени және этнопсихологиялық факторларын ескерудің лингвомәдени танымға тікелей қатысы қазіргі қоғамдағы қазақ мәдениетінің өміршең сипаттарын рухани-әлеуметтік мүддесіне сәйкес ұлттық санасына сіңіру мақсатына сай алға шығады. Қазіргі қоғамда бұл мақсаттың жүзеге асырылып, тиімділігін арттырып, межеленген коммуникативтік сапаға жетуі үшін лингвомәдени қолданыстардың танымдық мазмұнын вербалдаудың ерекшеліктері түсіндіруді қажет етеді. Мысалы, ұлттық мәдениет пен болмысты тіл арқылы таныту қызметін атқаратын лингвомәдени таңбалардың (мифологемалар, прецеденттік атаулар, реалийлер мен фразеологиялық, паремиологиялық жүйелердегі таза ұлттық наным-сенімді, ырымды білдіретін т.б. сөздердің) қолданысы олардың терең рухани-танымдық күшіне сәйкес маңызды.

Соның негізінде қазақ рухы сіңірілген, халықтың күнделікті тұрмысы мен ата кәсібіне, төл мәдениетіне сәйкес ерекшеленетін ұғымдардың мәніне қатысты ұлттық сананы танытуға бағытталған қолданыстардың маңызын олардың терең мазмұнында ұйымдастырылған жүйесімен байланыста түсіндіруге болады. Мысалы, *жылқы* ұғымының мағынасының мынадай семалық құрылымын жіктеп көрсетуге болады: Жас мөлшері – 1) жаңа туғаннан үш айға дейінгі кезең (*құлын, құлыншақ*); 2) енесінің бауырындағы, яғни үш айдан бір жылға дейінгі кезең (*жабағы*); 3) жыныстық жағынан жетілген және одан кейінгі кезең (*тай, еркек тай,*

ұрғашы тай) байтал, құнан, дөнен, бие, айғыр, бесті т.б.). Жылқы мінезі: *мама бие, тарпаң бие, асау бие, жершіл (бошалауық) бие, шақар айғыр, қызба жылқы, теліншек құлын* т.б.

Сол сияқты тарихи шығармалар мен көркем мәтіндерде ата кәсібіне сай қазақ мәдениетін сипаттайтын, мысалы, малдың төлдеуіне байланысты атаулардың (*тоң, үшен, тұмса түйе, мекер, өркен, қағанақ суы, арамза бота, қызылшу* т.б.) лексикографиялық интерпретациясы да төл мәдениеттің қалыптасуындағы синергиялық жүйені анықтауда аса маңызды.

Қазіргі лингвистиканың сөзтанымында ғылыми ой дамуының жаңа үрдістерін айқын белгілеген антропоэлектік бағыт тіл иесінің терең санасында тіл мен мәдениет біріктірілген синергиялық жүйе негізінде ұйымдастырылған (тұтасқан) лингвомәдени танымды қазіргі сөзді қолданушы социумның функционалды парадигмасында анықтайды. Мұндай зерттеу үрдісінің дәстүрлі лингвистиканың құрылымын өзгертіп, қалыптасқан салаларының арасындағы шекараны тоғыстырып, кешенді сипатпен толықтыратыны – заңды құбылыс.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижесінде ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық болмысы тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлікте қарастырылуын талап ететін күрделі, көпқабатты құбылыс екені айқындалды. Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың рухани-мәдени тәжірибесін сақтаушы, жеткізуші және жаңғыртушы әмбебап жүйе ретінде танылды. Осы тұрғыдан алғанда, тілдегі лингвомәдени бірліктер ұлттық дүниетанымның, тарихи жадтың және мәдени кодтың көрінісі ретінде маңызды қызмет атқарады.

Зерттеу барысында тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығы синергетикалық тұрғыдан талданып, лингвокультуремалардың мағыналық құрылымында ұлттық-мәдени коннотациялардың, символдық мәндердің және ассоциативтік байланыстардың тоғысуы нәтижесінде жаңа сапалық мазмұн қалыптасатыны анықталды.

Көркем мәтіндердегі тілдік бірліктерді талдау олардың тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, экспрессивтік, прагматикалық және танымдық қызметтері арқылы ұлттық сананы қалыптастыру мен дамытуда ерекше рөл атқаратынын көрсетті. Әсіресе, ақын-жыраулар поэзиясы мен көркем шығармалардағы бейнелі сөз қолданыстар, метафоралар, эпитеттер мен символдар халықтың дүниетанымы мен рухани болмысын терең бейнелейтін лингвомәдени құралдар екені айқындалды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері тілдің этномәдени және когнитивтік қызметін кешенді түрде қарастырудың қазіргі антропоэлектік бағыттағы лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды екенін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, ғаламның тілдік бейнесіндегі лингвомәдени мазмұнның синергиялық табиғатын тану тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың дамуына негіз болып, ұлттық дүниетанымды тереңірек түсінуге, тілдің мәдени-танымдық әлеуетін жан-жақты ашуға септігін тигізеді.

*Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.*

### **Әдебиеттер**

1. Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка. – М.: Наука, 2013. – 288 с.
2. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәденитанымдық мәні (Қыз Жібек және Баян сұлу жырлары бойынша): филол.ғ.к. ... автореф. – Алматы, 2001.
3. Тер-Минасова С.Т. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2000. – 624 б.
4. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
5. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004 – 232 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Том 4 / Жалпы ред. А.Ы.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1978. – 735 б.

7. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002 б.
8. Сағидолда Г. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа, 2011. – 302 б.
9. Хабиева А. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде): филол.ғ.к. ... автореф. – Алматы, 2007.
10. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 347 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Том 4 / Жалпы ред. А.Ы.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1979. – 672 б.

### References

1. Alefirenko N.F. Lingvokulturologiya: tsennostno-smyslovoe prostranstvo yazyka [Linguoculturology: The Value-Semantic Space of Language]. – Moscow: Nauka, 2013. – 288 p. (in Russian)
2. Seiilkhan A. Qazaq tilindegi etnografizmdardin lingvomadenitanymdyk mani (Qyz Zhibek zhane Bayan sulu zhyrlary boiynsha): filol. g. k. ... avtoref. [Linguocultural Significance of Ethnographisms in the Kazakh Language (Based on the Epics «Kyz Zhibek» and «Bayan Sulu»): abstract of dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences]. – Almaty, 2001. (in Kazakh)
3. Ter-Minasova S.T. Yazyk i mezhkulturnaya kommunikatsiya [Language and Intercultural Communication]. – Moscow: Slovo, 2000. – 624 p. (in Russian)
4. Qaidarov A., Akhtamberdieva Z., Omirbekov B. Tur-tusterdin tildegi korinisi [Representation of Colors in Language]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 p. (in Kazakh)
5. Syzdyk R. Sozder soileidi [Words Speak]. – Almaty: Arys, 2004. – 232 p. (in Kazakh)
6. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. – Almaty. – Vol. III. (in Kazakh)
7. Baitursynuly A. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. Birinshi tom [Collected Works in Five Volumes. Volume One]. – Almaty: «Zhibek zholy» baspa uii, 2002. (in Kazakh)
8. Sagidolda G. Turki-monggol dunie beynesinin tildik fragmentteri [Linguistic Fragments of the Turkic-Mongolian Worldview]. – Astana: Saryarqa, 2011. – 302 p. (in Kazakh)
9. Khabieva A. Tarikhi leksikanyn mazmundyk kurylymyndagy konnotattyk komponentter (Makhambet shygarmashylygy negizinde): filol. g. k. ... avtoref. [Connotative Components in the Semantic Structure of Historical Vocabulary (Based on Makhambet's Works): abstract of dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences]. – Almaty, 2007. (in Kazakh)
10. Khasanov B. Qazaq tilinde sozderdin metaforaly qoldanylyuy [Metaphorical Use of Words in the Kazakh Language]. – Almaty, 1966. – 347 p. (in Kazakh)
11. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. Vol. 4 [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language] / Jalpy red. A.Y. Ysqaqov. – Almaty: Gylym, 1979. – 672 p. (in Kazakh)

**Ж.А. Манкеева, А.А. Хабиева\***

Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы,  
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29

\*ORCID: 0000-0002-8622-021X

\*e-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

### СИНЕРГЕТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА ЛИНГВОКУЛЬТУРНОГО СОДЕРЖАНИЯ В ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

**Аннотация.** В статье рассматривается синергетическая природа лингвокультурного содержания языковой картины мира, а также анализируется взаимосвязь языка и культуры в рамках антропоцентрической и когнитивной парадигм. Цель исследования заключается в выявлении синергетической организации культурной информации, выражаемой через языковые единицы, а также в раскрытии когнитивной и коммуникативной функций лингвокультурем в формировании национального мировидения. Актуальность статьи обусловлена необходимостью осмысления культурно-познавательной функции языка и его роли в духовно-социальном

развитии в условиях обновления национального сознания современного казахстанского общества. Кроме того, актуальность исследования усиливается потребностью рассмотрения единства языка и культуры на основе антропоцентрической парадигмы. В ходе исследования комплексно применялись описательный (дескриптивный), лингвокультурологический, когнитивный, синергетический, семантический, этимологический, контекстуальный и сравнительно-ассоциативный методы анализа. Данные методы позволили системно раскрыть семантическую структуру языковых единиц, их историко-культурную основу и функционирование в художественном тексте. Теоретическая значимость исследования заключается в рассмотрении взаимодействия языка и культуры как синергетической системы, в углублении понимания концептуальной природы лингвокультурных единиц и их роли в формировании языковой картины мира. Работа вносит вклад в развитие теоретических положений когнитивной лингвистики, лингвокультурологии и синергетического направления языкознания. Практическая значимость исследования определяется возможностью его применения при лингвокультурологическом анализе художественных текстов, фольклорных и историко-культурных материалов, а также в сфере преподавания языка, популяризации национальной культуры и гуманитарного образования.

**Ключевые слова:** культурный код, культурная коннотация, этнокультурные единицы, мировоззрение, единство языка и культуры, синергия.

**Zh. Mankeyeva, A. Khabiyeva\***

Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics,  
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 29 Kurmangazy Street

\*ORCID: 0000-0002-8622-021X

\*E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

## SYNERGETIC NATURE OF THE LINGUOCULTURAL CONTENT IN THE LINGUISTIC WORLDVIEW

**Abstract.** The article examines the synergetic nature of linguocultural content within the linguistic worldview and analyzes the interrelation between language and culture in the framework of anthropocentric and cognitive paradigms. The aim of the study is to identify the synergetic organization of cultural information expressed through linguistic units, as well as to reveal the cognitive and communicative functions of linguoculturemes in the formation of a national worldview. The relevance of the article is determined by the need to conceptualize the cultural and cognitive function of language and its role in spiritual and social development under the conditions of the renewal of national consciousness in contemporary Kazakh society. In addition, the relevance of the study is reinforced by the necessity of considering the unity of language and culture on the basis of an anthropocentric paradigm. The research employed a comprehensive set of methods, including descriptive, linguocultural, cognitive, synergetic, semantic, etymological, contextual, and comparative-associative analysis. These methods enabled a systematic examination of the semantic structure of linguistic units, their historical and cultural foundations, and their functioning in literary texts. The theoretical significance of the study lies in its interpretation of the interaction between language and culture as a synergetic system, as well as in the deepening of the understanding of the conceptual nature of linguocultural units and their role in the formation of the linguistic worldview. The work contributes to the development of theoretical foundations in cognitive linguistics, linguoculturology, and the synergetic approach in linguistics. The practical significance of the study is determined by its applicability to the linguocultural analysis of literary texts, folklore, and historical-cultural materials, as well as to language teaching, the promotion of national culture, and the field of humanities education.

**Keywords:** cultural code; cultural connotation; ethno-cultural units; worldview; unity of language and culture; synergy.

### Авторлар туралы мәлімет

**Манкеева Жамал Айтқалиқызы** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: [mankeeva1950@mail.ru](mailto:mankeeva1950@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7390-4778>.

**Хабиева Алмагүл Алтайқызы\*** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: [a.a.khabiyeva@bk.ru](mailto:a.a.khabiyeva@bk.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>.

### Сведения об авторах

**Манкеева Жамал Айткалиевна** – доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: [mankeeva1950@mail.ru](mailto:mankeeva1950@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7390-4778>.

**Хабиева Алмагуль Алтаевна\*** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: [a.a.khabiyeva@bk.ru](mailto:a.a.khabiyeva@bk.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>.

#### **Information about authors**

**Zhamal Mankeyeva** – doctor of philological sciences, professor, Chief Researcher at the Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: [mankeeva1950@mail.ru](mailto:mankeeva1950@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7390-4778>.

**Almagul Khabiyeva\*** – candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Leading Researcher at the Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: [a.a.khabiyeva@bk.ru](mailto:a.a.khabiyeva@bk.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8622-021X>.

*Редакцияға енуі 23.01.2026  
Жариялауға қабылданды 28.03.2026*